

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих, археология және этнология факультеті
Археология, этнология және музееология кафедрасы

**KVK3502 «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАС ҒАСЫРЫ»
пәні бойынша емтихан жүргізу бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары**

«5B020800- Археология және этнология» мамандығы бойынша білім
беру бағдарламасы

Алматы 2021

Құрастырушы:

Бексеитов Ғ.Т т.ғ.к., Археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы

(дайындалған - А.Ж.Т., лауазымы, дәрежесі және атағы)

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАС ҒАСЫРЫ» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды « ____ » _____ 2021 ж., хаттама № _____

Кіріспе

Бакалаврдың «5B020800- Археология және этнология» мамандығына арналған KVK3502 «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАС ҒАСЫРЫ» пәні бойынша студенттер емтиханды oqulyk.kz платформасында тапсырады.

OQYLYQ платформасындағы жазбаша емтихан - емтихан кестесі бойынша білім алушы автоматты түрде жинақталатын емтихан билетінің сұрақтарына жауап жолдарын толтыру арқылы онлайн-платформада (OQYLYQ СДО) емтихан тапсырады. Емтихан тапсыруды прокторингтің автоматты жүйесі немесе Проктор бақылайды.

Пән оқытушысы оқулық жүйесінде орындалған емтихан жұмыстарын тексереді. Оқулық жүйесінде жұмысты бағалайды. Қойылған балдарды оқытушы UNIVER жүйесіне қойып шығады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтежесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар берілді.

- 1.Тас дәуірінің геологиялық кезеңдерін талдап беріңіз
- 2.Қазақстанның ежелгі немесе төменгі палеолит мәдениеттеріне тоқталып өтіңіз
- 3.Олдувай мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттап беріңіз
- 4.Леваллуалық тас өңдеу техникасының мақсатын айқындаңыз
- 5.Ежелгі адамдардың эволюциясын тізбектеп беріңіз
- 6.Ең алғашқы тас дәуірінің саналы түрдегі жерлеу орнына сипаттама беріңіз
- 7.Алғашқы өнер түрлерін талдап көрсетіңіз
- 8.Қазақстандағы ашель кезеңі мәдениетін талдаңыз
- 9.Тас ғасырында Венера мүсіндерін жасаудың мақсатын ашып беріңіз
- 10.Садақ пен жебенің пайда болу кезеңі мен себеп-салдарына шолу жасаңыз
- 11.Тас заттары мен ескерткіштерінің жасын анықтайтын тәсілдерді жіктеп беріңіз
- 12.Қазақстан палеолитінің алып жатқан уақыт аралығын талдап көрсетіңіз
- 13.Автралопитектерге сипаттама беріңіз
- 14.Ежелгі адамдардың отты пайдалану уақыты мен қажеттілігін айқындаңыз
- 15.Неандерталь адамдарына сипаттама беріңіз
- 16.Қазақстандағы мустьер кезеңі мәдениеттерін айқындаңыз

- 17.Ежелгі палеолит адамдарының тұрмыс тіршілігіне тоқталып өтіңіз
- 18.Неолиттік төңкеріс пен оның мәнін айқындаңыз
- 19.Қазақстандағы неолиттік атбасар мәдениетіне сипаттама беріңіз
- 20.Неолиттік Қараүңгір тұрағына сипаттама беріңіз
- 21.Қазақстандағы Олдувай кезеңімен мерзімделетін тұрағының ерекшелігін айқындап көрсетіңіз
- 22.Кейінгі немесе жоғарғы Ориньяк мәдениетіне сипаттама беріңіз
- 23.Энеолиттік Ботай мәдениеттерін талдап беріңіз
- 24.Синантроп адамдарының пайда болу ортасы мен ескерткіштерін қысқаша сипаттап беріңіз
- 25.Жоғарғы палеолиттік Солютре мәдениетіне сипаттама беріңіз
- 26.Неолиттік Кельтеминар мәдениетіне талдау жасаңыз
- 27.Солтүстік Қазақстандағы мезолит мәдениеттерін сипаттап беріңіз
- 28.Қазақстандағы неолиттік Атбасар мәдениеті кезеңдерін талдап беріңіз
- 29.Қазақстанның кейінгі палеолиттік мәдениетін талдап көрсетіңіз
- 30.Бөріқазған және Тәңірқазған палеолиттік тұрақтарына сипаттама жасаңыз
- 31.Алғашы өнер туындыларының мәнін айқындап талдап көрсетіңіз
- 32.Майбұлақ кейінгі палеолиттік тұрағына сипаттама беріңіз
- 33.Неолиттік Маханджар мәдениетіне шолу жасаңыз
- 34.Қазақстандағы тас ғасыры мәдениеттерін талдап беріңіз
- 35.Орта Азия жерінен табылған Тесік-тас үңгір адамына сипаттама беріңіз
- 36.Ш. Уәлиханов палеолиттік тұрағына сипаттама беріңіз
- 37.Шүлбі палеолиттік ескерткішіне сипаттама беріңіз
- 38.Алғашқы адамдардың шаруашылығы мен кәсіптерін талдап көрсетіңіз

39. Неолиттік Қосқұдық тұрағына сипаттама беріңіз
40. Неолит ғасырының ерекшеліктері мен жаңалықтарына талдау жасап сипаттап беріңіз
41. Мұғалжар палеолиттік тұрағына сипаттама беріңіз
42. Саяқ палеолит мәдениеті ескерткішіне сипаттама беріңіз
43. Қазақстандағы энеолиттік Ботай мәдениетінің ерекшелігін айқындап көрсетіңіз
44. Стратиграфия сөзінің анықтамасын беріңіз
45. Археологиялық мәдениет сөзінің сипаттамасын беріңіз
46. Алғашқы қыш ыдыстарының пайда болуы мен түрлерін талдап сипаттап беріңіз
47. Мезолиттік Сор-айдын тұрағы мәдениетіне сипаттама беріңіз
48. Топырақтану мен геоморфологияның зерттеу нысандары мен анықтамаларын беріңіз
49. Археологиялық барлау жүргізудің мақсаты мен түрлерін айқындап беріңіз
50. Энеолиттік Шідерті адамына сипаттама беріңіз
51. Тас ғасыры ескерткіштерінің түрлерін талдап көрсетіңіз
52. Тас өңдеу мен қашау техникаларына тоқталып өтіңіз
53. Алғашқы қолға үйретілген үй жануарларына шолу жасаңыз
54. Төрттік кезеңнің климат жағдайын талдап беріңіз
55. Тас дәуірін зерттеумен айналысқан палеолиттік мектептерге сипаттама беріңіз
56. Қазақстандық тас дәуірін зерттеушілерге тоқталып өтіңіз
57. Тас қашау мен өңдеу техникаларын зерттеумен айналысқан ғалымдар туралы мәлімет беріңіз
58. Мезолиттік Акімбек тұрағына сипаттама беріңіз
59. Шақбағата палеолиттік тұрағына сипаттама беріңіз
60. Қазақстандағы ежелгі палеолит тұрақтарын талдап беріңіз

Емтихан тапсыру кезінде студенттер қабілетті болуы тиіс:

- 1) Ежелгі адамдардың пайда болуы мен тас дәуірінің мерзімдері мен кезеңдеу мәселелерімен таныс болуы;

- 2) Тас дәуірі ғылымындағы туындайтын іргелі мәселелерді, олардың негізгі танымын, археологиялық зерттеулерді жүргізу ерекшеліктерін игеруі;
- 3) Палеолит, мезолит және неолит саласындағы базалық теорияларды талдай алуы;
- 4) Тас дәуірі археологиясы тарихын, археологиялық зерттеуді жүргізу әдістерін игеруі;
- 5) Тас құралдарының эволюциясын бағалауы;
- 6) Адамзаттың қоныстану туралы пайымдауларды саралауы;
- 7) Тас дәуіріндегі тарихи үдерістерді суреттеуді меңгере алуы қажет.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер тізімі

1. Актуальные проблемы историографии древнего Казахстана: Обзор. А., 2018.
2. Каменный век на территории СССР. М., 1990.
3. Байгунаков Д.С., Бексеитов Ғ.Т. Қазақстанның тас дәуірі археологиясы: теориясы, зерттеу әдістері мен нәтижелері. Алматы «Қазақ университеті» 2016.
4. Каменный век. М., 2018
5. Палеолит, мезолит и неолит. М., 2015
6. Байгунаков Д. Ежелгі Қазақстан кезеңін зерттеген археологиялық экспедициялар: жетістіктері мен нәтижелері. – Алматы. 2015. – 268 б.

Онлайн режимінде: Универ жүйесінде УМКД бөлімінде онлайн басқада әдебиеттерді көруге болады univer.kaznu.kz.